

«Азаматтық көшбасшылық» тренингінің модулі

20 минут	<p>Қатысушыларды тіркеу <i>Тренинг қатысушылары ұсынылған қатысушылар тізіміне өздерінің толық аты-жөндерін, байланыс ақпаратын, ұйым атауын жазып, қолтаңбаларын қояды</i></p>
30 минут	<p>Қатысушылармен танысу және олардың тренингке артқан үміттері Пре-Тест <i>Қатысушылар тренерлер тарапынан ұсынылған сауалнаманы толтырады.</i> Қатысушылармен танысу және олардың тренингке артқан үміттері «Менің атым _____» жаттығуы. <i>Қатысушылар жұп-жұпқа бөлініп, белгіленген уақыт аралығында өз жұбы жайлы толық ақпарат алады. Алған ақпаратын пайдаланып, өзге қатысушылар алдында өз жұбының атынан сөйлейді. Мысалы, «Менің атым ».</i> <i>Танысып болғаннан кейін, әрбір қатысушыға тренингтен күткен үмітін жазу үшін жапсырма (стикер) беріледі. Қатысушылардың үміттері жазылған жапсырмалар флипчарт бетінде бейнеленген әуе шарына жапсырылады. Бұл тренингтің соңында қатысушылардың күткен үміттерінің қаншалықты ақталғандығын анықтау үшін қатысушылармен талқылау жүргізуге көмектеседі.</i></p>
20 минут	<p><i>Кофе брейк</i></p>
<p>Сессия – 1. 1 сағат 30 минут</p>	<p>Көшбасшылық қасиетті дамыту. <i>Қатысушылар арасында «Көшбасшы – ол» миға шабуыл әдісін пайдалану арқылы көшбасшы қандай болу керектігі, оның анықтамасы қатысушылар тарапынан айтылады. Ар қарай тренер қорытындылайды.</i> «Көшбасшылық» презентациясы <i>Тренер қатысушылармен көшбасшылық анықтамасын және оның түрлерін талқылайды. Сонымен қатар, көшбасшы түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланады.</i> «Аңдар патшасы» ойыны. <i>Қатысушылар өз еріктерімен 4 немесе 5 топқа бөлінеді. Арнайы уақыт белгіленіп, әр топқа 4 аңның суреті және флипчарт қағазы беріледі. Топ мүшелері командада өздеріне түскен аңдардың көшбасшылық қасиеттерін анықтап, флипчарт қазына жазады. Берілген уақыт аяқталғаннан кейін, әр топ өздерінің жұмыстарын презентациялайды. Тренер қорытындылайды.</i></p>
1 сағат	<p>Көшбасшылық түрлері (Топпен жұмыс). Қатысушылар өз топтарында отырады. Тренер әр топқа әртүрлі пішінде бөлшектерге бөлінген А4 форматындағы суретті беріп, құрастыруды ұсынады және тапсырманы орындау үшін уақыт белгілейді. Әр топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, тренер барып топтардың жұмыстарын көреді. Тренер тарапынан: - топта жұмыс қалай орындалды? - кім тапсырма беріп отырды? - кім орындады? - тапсырмаға қарсы шыққандар болды ма? - сұрақтарын қояды. Әр топ қойылған сұрақтарға жауап береді. Жауаптарына қарай, көшбасшылық</p>

	<i>түрлерінің қасиеттері талқыланып, қатысушылардың қандай көшбасшы түріне жататындығы талқыланады. Ары қарай, тренер қорытындылайды.</i>
<i>1 сағат</i>	<i>Түскі ас</i>
	<p>«Мұнара» жаттығуы.</p> <p><i>Қатысушылар өз топтарында болады. Тренер әр топқа бірдей көлемде А4 форматта қағаз беріп, мұнара салуды тапсырады. Алайда, оны қалай тұрғызу керектігі айтылмады. Ең басты критерий: мұнара биік, әрі мықты болуы тиіс. Барлық топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, тренер және басқа топтар мұнараларды салыстырады. Тапсырманы орындау барысында топ мүшелері арасында өзара қарым-қатынас қалай болғандығы талқыланады.</i></p>
Сессия – 2 1 сағат	<p>Қарым-қатынас (коммуникация) дағдылары</p> <p><i>Тренер қатысушыларға презентация слайдтары арқылы тыңдаушылар алдында сөз сөйлеу дағдылары, еркін сөйлеу бойынша кеңестер жайлы айтады. Сонымен қатар, әңгімеңізді тыңдаушылар үшін қызықты ету, іс-қимылдарды тиімді пайдалану жайлы қатысушылармен талқылау жасайды.</i></p>
<i>20 минут</i>	<i>Кофе брейк</i>
Сессия – 3	<p>Еріктілік</p> <p><i>Тренер қатысушылармен еріктілік бойынша тәжірибелері жайлы талқылау жасайды.</i></p> <p><i>«Еріктілік презентациясы»</i></p> <p><i>Еріктілік анықтамасы айтылады.</i></p> <p><i>«Еріктілер не істей алады?» мига шабуыл әдісі арқылы қатысушылар еріктілік қызметіне талқылау жасайды.</i></p> <p><i>Қатысушылар 4 топқа бөлініп, «Біздің қолымыздан келеді» жаттығуын орындайды. Әр топ өздерін еріктілер орнына қойып, қолдарынан келетін еріктілік қызметтерін флипчарт қағазына жазады. Ары қарай, оны өзге топтар алдында презентациялап, талдау жасайды.</i></p> <p><i>Тренер қорытындылайды.</i></p>
17:45-18:00	<p>Сұрақтар – жауаптар</p> <p>Пост-Тест. Тренингті қорытындылау</p> <p><i>Қатысушылар теренерлер ұсынған пост-сауалнаманы толтырады. Тренинг барысында алған білімдері бойынша тренер қатысушыларға сұрақ қойып, талдау жасайды. Тренингті қорытындылайды.</i></p>